

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 12 қарашадағы N 1556 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 3 тамыз N 735. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1999.03.12. N 233 қаулысымен. ~P990233

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 12 қарашадағы N 1556 P971556_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 49, 455-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі (Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулықмині) туралы ереженің IV бөлімінің 8-тармағының үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"облыстар, республикалық маңызы бар қала және астана әкімдерінің тиісті білім, мәдениет және денсаулық сақтау басқармаларының және туризм мен спорт комитеттерінің басшыларын лауазымдарға тағайындауға және босатуына келісім беруге".

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі